



**БІРЫҢҒАЙ
ГРАНТ
ОПЕРАТОРЫ**

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

«АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Есепті кезең: 2024 жыл

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана қ. | 2024

МАЗМҰНЫ

1. Конкурс өткізу:

1.1. *Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингілеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар), сонымен қатар Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі бөлімі басшысының 2024 жылғы 13 ақпандағы №11-нқ бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады;*

1.2. *Конкурс туралы хабарландыруды жариялау және басым бағыттар бойынша мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу;*

1.3. *Әлеуетті өтініш берушілер үшін консультациялар өткізу және мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурсқа қатысуға құжаттарды беру тәртібін түсіндіру (әрбір конкурс бойынша);*

1.4. *Үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу;*

1.5. *Үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерінің Қағидаларда көзделген талаптарға және мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының бекітілген тізбесіне, сондай-ақ Қағидалардың 39 және 47 тармақтарында көрсетілген шектеулерге сәйкестігін тексеру;*

1.6. *Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беру жөніндегі сараптамалық комиссияның жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру;*

1.7. *Сараптама комиссиясының мүшелері үшін гранттық өтінімдерге тәуелсіз бағалау жүргізу үшін құжаттар топтамасын қалыптастыру;*

1.8. *Жеңімпаз атанған және жеңімпаз деп танылмаған үкіметтік емес ұйымдарға конкурс қорытындылары бойынша қойылған балдар бойынша түсініктемелері бар өтінімдерді бағалау қорытындылары бойынша сараптамалық комиссияның қорытындыларын ұсына отырып, хабарламалар беру;*

1.9. *Қағидалардың 3 параграфына сәйкес мемлекеттік гранттар конкурстарында жеңімпаз деп танылған үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттік гранттар беруге арналған шарттарға қол қою.*

2. Оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруы:

2.1. *ҮЕҰ-дан мемлекеттік гранттарды іске асыру бойынша аралық және қорытынды есептерді қабылдау және тексеру;*

2.2. *Гранттық қаражатың тиімділігін арттыру мақсатында Оператор қаржы қаражаты болған кезде грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығуды жүзеге асырады және (немесе)*

Қағидалардың 54 тармағында көзделген тәуекелдердің болу фактісі табылған немесе анықталған жағдайда әлеуметтік жобаларды іске асыруды мониторингтеу үшін сарапшыларды тартады;

2.3. Мемлекеттік гранттарды іске асыру туралы ақпаратты дайындау және тарату;

2.4. Қағидалардың 5 тарауына сәйкес мемлекеттік гранттарды іске асырудың тиімділігін бағалауды жүргізу үшін ақпарат ұсыну.

3. Оператордың гранттық қаржыландыру саласындағы қызметі туралы есепті дайындау:

3.1. Оператордың қызметі және мемлекеттік гранттарды іске асыру нәтижелері туралы 2024 жылғы «21» қарашадан кешіктірмей хабардар ету;

3.2. Гранттық жобалардың қорытынды нәтижелерін Оператордың интернет-ресурсында орналастыру;

3.3. Осы техникалық ерекшеліктің тармақтарының орындалуы жөніндегі Оператордың қызметі бойынша және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 403 бұйрығымен бекітілген Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы Оператор қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысаны бойынша 2024 жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірмей қорытынды есепті дайындау және тапсыру, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсында орналастыру.

1. Конкурс өткізу:

1.1. Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингілеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар), сонымен қатар Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі бөлімі басшысының 2024 жылғы 13 ақпандағы №11-нқ бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидалардың 8-тармағына сәйкес мемлекеттік гранттар беру мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының бекітілген тізбесі негізінде конкурс өткізу арқылы жүзеге асырылады:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне осы мақсаттарға бөлінген қаражаттан – орталық мемлекеттік органдардың – республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік гранттарының басым бағыттарының тізбесі негізінде;

2) осы мақсаттарға бөлінген жергілікті бюджет қаражатынан – жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік гранттарының басым бағыттарының тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Осыған орай, «Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысының «Үкіметтік емес ұйымдарға арналған 2024 жылға мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін бекіту туралы» 2024 жылғы «13» ақпандағы №11-нқ бұйрығының негізінде жалпы сомасы 39,5 млн теңгеге 4 мемлекеттік грант беруге арналған конкурс жарияланды.

1.2. Конкурс туралы хабарландыруды жариялау және басым бағыттар бойынша мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу.

Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - *Оператор*) интернет-ресурсында 2024 жылы 14 ақпанда 2024 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды. Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

- 1) <https://cisc.kz/ru/obyavlyaetsya-grantovyy-konkurs-po-zakazu-upravleniya-vnutrennej-politiki-mangistauskoj-oblasti-73526.html>;
- 2) <https://www.facebook.com/share/p/FRjAF7dFcij91gtz/>;
- 3) <https://www.instagram.com/p/C3DDodIt35F/?igsh=dHozcGhodGoxZDg1>.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2024 жылғы 15 ақпан мен 06 наурыз аралығында жүзеге асырылды.

1.3. Әлеуетті өтініш берушілер үшін консультациялар өткізу және мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурсқа қатысуға құжаттарды беру тәртібін түсіндіру (әрбір конкурс бойынша).

Әлеуетті өтініш берушілерге есепті кезеңде телефон байланысы арқылы мемлекеттік гранттар беруге өтінімдерді сапалы толтыру бойынша Оператормен үздіксіз консультациялар көрсетілді.

Сондай-ақ, гранттар беру конкурстарына қатысуға өтінімдер дайындау бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, Оператордың сайтында жарияланды: <https://cisc.kz/ueeu-ueshin/aedistemelik-usynymdar>.

Бұдан басқа, Оператор ҰЕҰ мен мемлекеттік органдарға мемлекеттік гранттар беру мәселелері бойынша тұрақты негізде ақпараттық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді.

1.4. Үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу

Конкурсқа қатысу үшін ҰЕҰ өтінімдерді қабылдау аяқталған күн мен уақыттан кешіктірмей беру тәсіліне байланысты операторға пошта байланысы, қолма-қол немесе электрондық тасығыш арқылы енгізеді.

Өтінімдерді оператордың жауапты құрылымдық бөлімшесі хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей қабылдайды және құжаттарды қабылдау сәтінде тіркеледі.

Грант тақырыбы бойынша әрбір өтінімді бөлу бойынша жұмыс жүргізілуде. Арнайы кестеде өтінімдерді есептеу жүргізіледі (сала, басым бағыт, аймақ, тіл және әрбір өтініш берушінің өтінімдер саны бойынша).

2024 жылғы 14 ақпанда жарияланған үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған «Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің қысқа мерзімді мемлекеттік гранттарын беру конкурсының нәтижелері бойынша **9 ҰЕҰ-дан 10 өтінім** келіп түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде – **8 өтінім**, орыс тілінде – **2 өтінім**.

Конкурсқа қатысу үшін жіберілген өтінімдердің тізімі:

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы
1	Қоршаған ортаны қорғау	Ақтау қаласы тұрғындарының жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға ықпал ету	қысқа мерзімді	«Эко Маңғыстау» үкіметтік емес мекемесі
2	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Отбасы институтын нығайту	қысқа мерзімді	«Саламатты ел» ҚҚ
3				«Бала жолы» ҚҚ
4				«Әсер» ҚБ
5	Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын заңды мүдделерін	Халықтың қаржылық, құқықтық және	қысқа мерзімді	«Саламатты ел» ҚҚ
6				«Жастар жетістіктері» ҚҚ

7	қорғау	психологиялық сауаттылығын арттыру		«Риза-ана» ҚҚ
8	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Ақтау қаласының жастары мен жасөспірімдеріне әскери-патриоттық тәрбие беру	қысқа мерзімді	«Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» ҚҚ
9				Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің «Жауынгерлік бауырластық» Ақтау қалалық ҚБ

1.5. Үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерінің Қағидаларда көзделген талаптарға және мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының бекітілген тізбесіне, сондай-ақ Қағидалардың 39 және 47 тармақтарында көрсетілген шектеулерге сәйкестігін тексеру

Өтінім электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркелгеннен кейін өтінімдердің электрондық және қағаз нұсқаларында гранттар туралы Қағидалардың 39 және 47-тармақтарының 3)-12) тармақшаларына сәйкестікке өтінімдер қаралады, оның ішінде:

- Заңның 6-1-бабының 4-тармағына сәйкес Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында өтініш беруші туралы мәліметтердің болуына;
- өтініш берушінің жарғылық мақсатының мемлекеттік гранттың басым бағытына сәйкестігіне;
- банкроттықтың, атқарушылық іс жүргізу бойынша берешектің болмауына, тарату процесінде және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауына, мүлікке тыйым салынбағанына, экономикалық қызметті тоқтатылмағаны туралы ақпараттың сәйкестігіне;
- өтініш берушілердің басшылары, құрылтайшылары бойынша мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті тұлғаларымен мүдделер қақтығысы туралы деректерді белгілеуге;
- террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде басшылар, құрылтайшылар бойынша мәліметтердің болуын, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілуі.

Бұдан әрі өтініш берушілердің өтінімдері Қағидалардың 37 және 38-тармақтарында көзделген талаптарға өтінімнің техникалық сәйкестігін тексеруден өтеді.

Конкурс бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде конкурсқа қатысу үшін ҮЕҰ-мен жіберілген 10 өтінімнің 9 өтінімі сараптамалық бағалауға жіберілді.

Маңғыстау облысының Ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша конкурсқа өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша қорытынды: <https://cisc.kz/aqtaw-qalasyng-ishki-sayasat-zhaene-tilderdi-damytw-boelimining-tapsyrasy-bojynsha-konkwrsqa-oetinimderdi-qaraw-naetizheleri-bojynsha-qorytyndy-qorytyndy-74518.html>

Төмендегі өтініш берушіге мемлекеттік грант беру конкурсына қатысудан бас тарту туралы тиісті хабарлама жіберілді:

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Бас тарту себептері
1	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Ақтау қаласының жастары мен жасөспірімдеріне әскери-патриоттық тәрбие беруді қамтамасыз ету	қысқа мерзімді	«Маңғыстау облысы бойынша Таулы Қарабахтағы этносаралық қатығыстарды реттеуге қатысқан ұрыс қимылдарының ардагерлері» қоғамдық бірлестігі	Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында жоқ

1.6. Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беру жөніндегі сараптамалық комиссияның жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру

Маңғыстау облысына үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс шеңберінде сараптама комиссиясын құру мақсатында Оператордың ресми сайтында сарапшыларды қатысуға шақыру жөнінде хабарлама жарияланды: <https://cisc.kz/ortalyq-saraptama-komissiyasyn-qurwgha-qatyswgha-shaqyrady-74804.html>

1.7. Сараптама комиссиясының мүшелері үшін гранттық өтінімдерге тәуелсіз бағалау жүргізу үшін құжаттар топтамасын қалыптастыру

ҰЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссияның жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру мақсатында конкурстар шеңберінде конкурстық рәсімдерді өткізу және ҰЕҰ ұсынған құжаттарға сараптама жүргізудің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша сарапшылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыс кездесулері өткізіледі.

Сондай-ақ, байқау кезінде сарапшылар бағалау жүргізген кезеңде сараптау комиссиясының мүшелерімен бірнеше жұмыс кездесулері өтті.

Кездесу барысында сараптамалық комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері айтылды, сараптамалық комиссия мүшелеріне өтінімдерді беру үдерісімен таныстырылды және бағалау парағын толтыру бойынша түсіндірмелер берілді, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңба арқылы шарттың электрондық нысанына қол қою, электрондық бағалау парақтарын жіберу тәртібі берілді.

Аталған кездесулердің негізгі міндеті - сараптамалық комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, конкурстық комиссия мүшелеріне өтінімдерді беру үдерісімен танысу және бағалау парағын толтыру бойынша түсіндіру.

Конкурстық рәсімдерді және конкурсқа қатысу үшін келіп түскен өтінімдерді тексеру процесін аяқтау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысу үшін жіберілген өтінімдер бағалау жүргізу үшін сараптама комиссиясының мүшелеріне берілді.

Әрбір сарапшыға бұлтты қоймаларға тиісті басшылық құжаттар жүктелген: 2024 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі басым бағыттарының тізбесі, бағалау парақтары, ҮЕҰ өтінімдері және т.б.

Сараптама комиссиясы мүшесінің әрбір өтінімін бағалау оны негіздейтін түсіндірмемен бірге жүргізіледі.

Грант алушыларды іріктеу жөніндегі конкурстың 4 салалары бойынша сараптамалық комиссиясының отырысы:

1) «Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау» саласы бойынша грант алушыларды іріктеу жөніндегі сараптамалық комиссияның отырысы 2024 жылғы 22 сәуірде ZOOM платформасы арқылы өтті;

2) «Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын заңды мүдделерін қорғау» саласы бойынша грант алушыларды іріктеу жөніндегі сараптамалық комиссияның отырысы 2024 жылғы 23 сәуірде ZOOM платформасы арқылы өтті;

3) «Қоршаған ортаны қорғау» саласы бойынша грант алушыларды іріктеу жөніндегі сараптамалық комиссияның отырысы 2024 жылғы 22 сәуірде ZOOM платформасы арқылы өтті;

4) «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» саласы бойынша грант алушыларды іріктеу жөніндегі сараптамалық комиссияның отырысы 2024 жылғы 24 сәуірде ZOOM платформасы арқылы өтті.

Отырыс нәтижелері бойынша сараптамалық комиссиялардың хаттамасы дайындалды, оларға сәйкес ең жоғары балл жинаған өтініш берушілерге мемлекеттік гранттар беру туралы шешім қабылданды.

№	Сарапшының аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы	Қатысуы туралы мәлімет
«Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу»			
1.	Асанова Динара Кенжебековна	«Маңғыстау іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ төрағасы Комиссия төрағасы	ZOOM арқылы қатысты
2.	Бурхандинова Гульмира Баяновна	Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының директоры	ZOOM арқылы қатысты
3.	Салиянкызы Сымбат	Түпқараған ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт секторының меңгерушісі	ZOOM арқылы қатысты
4.	Мамутова Орынкуль Рзабекқызы	Маңғыстау облысы білім басқармасының адамгершілік-рухани тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің бас маманы	ZOOM арқылы қатысты
5.	Елеусинова Милана Аминовна	«Маңғыстау-Медиа» ЖШС «Ақкерік арайы» газетінің редакторы	ZOOM арқылы қатысты
«Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту»			
1.	Бекманова Райхан Абдуллаевна	Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының дағдарыс орталығының басшысы Комиссия төрағасы	ZOOM арқылы қатысты
2.	Мамутова Орынкуль Рзабековна	Маңғыстау облысы білім басқармасының адамгершілік-рухани тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің бас маманы	ZOOM арқылы қатысты

3.	Салияңқызы Сымбат	Түпқараған ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт секторының меңгерушісі	ZOOM арқылы қатысты
4.	Турарова Інжу Рахметовна	Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы, Азаматтық қоғам ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы	ZOOM арқылы қатысты
5.	Шамқұлова Гаухар Сәрсенқызы	«Түпқараған жастары» қоғамдық бірлестігінің директоры	ZOOM арқылы қатысты
«Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу»			
1.	Асанова Динара Кенжебековна	«Маңғыстау іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ төрағасы Комиссия төрағасы	ZOOM арқылы қатысты
2	Джольшов Тұралы Ботақараевич	Бейнеу аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы	ZOOM арқылы қатысты
3	Салияңқызы Сымбат	Түпқараған ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт секторының меңгерушісі	ZOOM арқылы қатысты
4	Аширова Асем Мустапиевна	Маңғыстау облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Мәдениет және өнерді дамыту бөлімінің басшысы	ZOOM арқылы қатысты
5	Мағдатов Наурызбек Серикович	«Түпқараған Жастары» ЖҚБ төрағасы	ZOOM арқылы қатысты
«Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу»			
1	Бекманова Райхан Абдуллаевна	Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының дағдарыс орталығының басшысы Комиссия төрағасы	ZOOM арқылы қатысты
2	Балгожаева Гульмира Куатовна	Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	ZOOM арқылы қатысты
3	Елеусинова Милана Аминовна	«Маңғыстау-Медиа» ЖШС «Ақкерік арайы» газетінің редакторы	ZOOM арқылы қатысты
4	Нургалиева Шолпан Калидулина	«Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бөлім басшысы	ZOOM арқылы қатысты
5	Мағдатов Наурызбек Серикович	«Түпқараған Жастары» ЖҚБ төрағасы	ZOOM арқылы қатысты

Конкурстың нәтижелері Оператордың сайтында жарияланды.

1. <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№12-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75135.html>
2. <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№10-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75124.html>
3. <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№11-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75129.html>
<https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№14-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75144.html>

1.8. Жеңімпаз атанған және жеңімпаз деп танылмаған үкіметтік емес ұйымдарға конкурс қорытындылары бойынша қойылған балдар бойынша түсініктемелері бар өтінімдерді бағалау қорытындылары бойынша

сараптамалық комиссияның қорытындыларын ұсына отырып, хабарламалар беру

Конкурс аясында өтінімдерді Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарау бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Қағидалардың 27-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сараптама комиссиясының шешімі шыққаннан кейін жеңімпаз атанған үкіметтік емес ұйымдарға шарт жобасы және сәйкес қосымшалар қоса тіркеле отырып, хабарламалар жіберілді.

Өз кезегінде, жеңімпаз болып танылмаған өтініш берушілерге конкурс қорытындысы бойынша қойылған ұпайлары көрсетілген тиісті хабарлама жіберілді.

1.9. Қағидалардың 3 параграфына сәйкес мемлекеттік гранттар конкурстарында жеңімпаз деп танылған үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттік гранттар беруге арналған шарттарға қол қою.

Қағидалардың 42-тармағына сәйкес сараптама комиссиясының шешімі отырыста әрбір сала бойынша жеке қабылданады және оператордан сараптамалық бағалауға өтінімдер келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді.

Конкурс шеңберінде грант алушыларды іріктеу мақсатында өтінімдерді тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша сараптамалық комиссия отырысы 2024 жылғы 2024 жылғы 23 сәуірдегі №10, №11, №12 хаттамамен және 24 сәуірдегі №14 хаттамамен ресімделіп, Оператордың сайтында жарияланды:

- <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№10-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75124.html>
- <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№11-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75129.html>
- <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№12-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75135.html>
- <https://cisc.kz/ru/vypiska-iz-protokola-№14-zasedaniya-ekspertnoj-komissii-po-itogam-konkursa-za-15-fevralya-2024-goda-75144.html>

Өткізілген конкурстың нәтижелесі бойынша 4 грант бойынша 4 ҰЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Қоршаған ортаны қорғау	Ақтау қаласы тұрғындарының жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға ықпал ету	қысқа мерзімді	«Эко Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымы	30.04.2024 жыл, №45 Шарт
2	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді	Отбасы институтын нығайту	қысқа мерзімді	«Бала жолы» ҚҚ	30.04.2024 жыл, №64 Шарт

	шешуге жәрдемдесу				
3	Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын заңды мүдделерін қорғау	Халықтың қаржылық, құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру	қысқа мерзімді	«Риза-ана» ҚҚ	30.04.2024 жыл, №44 Шарт
4	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Ақтау қаласының жастары мен жасөспірімдеріне әскери-патриоттық тәрбие беру	қысқа мерзімді	«Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» ҚҚ	30.04.2024 жыл, №46 Шарт

2. Оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруы:

2.1. ҮЕҰ-дан мемлекеттік гранттарды іске асыру бойынша аралық және қорытынды есептерді қабылдау және тексеру.

Гранттардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру аясындағы ақпаратты, бағдарламалық және қаржылық есептерді беру кезеңділігі әр ҮЕҰ-ның жоба бойынша есептілік пен төлемдерді берудің жеке кестесі негізінде жүзеге асырылды.

2.2. Гранттық қаражаттың тиімділігін арттыру мақсатында Оператор қаржы қаражаты болған кезде грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығуды жүзеге асырады және (немесе) Қағидалардың 54 тармағында көзделген тәуекелдердің болу фактісі табылған немесе анықталған жағдайда әлеуметтік жобаларды іске асыруды мониторингтеу үшін сарапшыларды тартады.

Жобаның іске асырылуына мониторинг жүргізу барысында Қағидалардың 54-тармағында көзделген тәуекелдердің анықталмауына байланысты грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығу жүзеге асырылмады.

2.3. Мемлекеттік гранттарды іске асыру туралы ақпаратты дайындау және тарату.

Мемлекеттік гранттарды іске асыру туралы ақпарат Оператордың, грант алушының ресми сайтында, әлеуметтік парақшаларында, және т.б. жарияланатын болады.

1. <https://cisc.kz/ru>
2. <https://www.facebook.com/cisc.kz/>
3. https://www.instagram.com/cisc_official/
4. <https://t.me/s/ciscrq>

2.4. Қағидалардың 5 тарауына сәйкес мемлекеттік гранттарды іске асырудың тиімділігін бағалауды жүргізу үшін ақпарат ұсыну.

Қағидалардың 56-тармағына сәйкес қысқа мерзімді гранттардың тиімділігін бағалау жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін 2 ай ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды мемлекеттік органдар тиімділікті бағалау жөніндегі комиссиялар құру және бекіту жолымен азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып жүзеге асырады.

Қағидалардың 60-тармағына сәйкес мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау «әлеуметтік әсер» өлшемшарты бойынша да жүзеге асырылады. Оның шеңберінде нысаналы топтың, көрсетілетін қызметті алушылардың жоба шеңберінде көрсетілетін қызметті (өнімді, нәтижені) алу процесіне қанағаттану деңгейі, көрсетілетін қызметті алушыларға әсер ету деңгейі бағаланады.

Оператор Басқарманың гранттық жобасының аясындағы бенефициарларға сауалнама жүргізіп, гранттың тиімділігін бағалауды жүргізу үшін қажетті ақпаратты жинақтады. Ақпарат 3-қосымшада көрсетілген.

3. Оператордың гранттық қаржыландыру саласындағы қызметі туралы есепті дайындау:

3.1. Оператордың қызметі және мемлекеттік гранттарды іске асыру нәтижелері туралы 2024 жылғы 10 мамырдан, 2024 жылғы 10 қыркүйектен кешіктірмей хабардар ету.

2024 жылы Оператор Тапсырыс берушіге 1 аралық және 1 қорытынды есеп тапсырады. Атап айтқанда:

- 1) ақпан-қазан аралық есебі – Тапсырыс берушіге 2024 жылғы 21 қарашада №04/27-1645 шығыс хатымен жіберілді;
- 2) қаңтар-желтоқсан қорытынды есебі - 2024 жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей.

3.2. Гранттық жобалардың қорытынды нәтижелерін Оператордың интернет-ресурсында орналастыру.

Гранттық жобалардың қорытынды нәтижелері Оператордың ресми сайтында ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін орналастырылады. Жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат Оператордың әлеуметтік желілерінде келесі сілтемелер бойынша жарияланады:

Оператордың сайты - <https://cisc.kz/projects>;

Facebook - https://www.facebook.com/watch/cisc.kz/?ref=page_internal;

Youtube - https://www.youtube.com/channel/UC3s_LbNAIocsikmRwfG-ARA.

3.3. Осы техникалық ерекшеліктің тармақтарының орындалуы жөніндегі Оператордың қызметі бойынша және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 403 бұйрығымен бекітілген Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы Оператор қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысаны бойынша 2024 жылғы 15 желтоқсанның кешіктірмей қорытынды есепті

дайындау және тапсыру, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсында орналастыру.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы №403 бұйрығымен бекітілген ҮЕҰ гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысаны бойынша мемлекеттік гранттардың іске асырылуы туралы есеп ағымдағы есепке қоса беріледі.